

Шымкент қаласы білім басқармасы
«136жалпы орта білім беретін мектебі»

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны




2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

Білімнің «**LESSON STUDY**» жүйесі бойынша

ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ

БОЙЫНША 6 «В» СЫНЫБЫНЫҢ ЖОСПАРЫ



Куратор: Абеданова Г.С.

2023-2024 оқу жылы

LESSON STUDY мақсаты:

- Мұғалімдерге оқушыларды зерттеуге, қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеруге, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілді қолдану арқылы жұмыстар жүргізу.

Міндеттері:

- Lesson study әдісінің өзіндік ерекшелігін ұғыну.
- Lesson study әдісінің тиімділігіне көз жеткізу
- Бір- бірінің пікірін, көзқарасын құрметтеуге, өзара ұжымдық әрекетке бейімдеу

Күтілетін нәтиже

- Мұғалімдер Lesson Study үдерісін оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мектептерде Lesson Studyді пайдалану үшін әріптестермен ынтымақтастық орнатады;
- Lesson Study кезінде әріптестерге қалай қолдау көрсетуге болатынын түсіну, үйренеді, мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға мүмкіндік алады;
- Lesson Study әдісінің өзіндік ерекшелігін ұғыну.
- Lesson Study циклінде сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдер жана әдіс-тәсілдерін жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік алады.

Мұғалімдердің зерттеу тақырыбы: «Lesson study тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі»

Зерттеуші мұғалімдер тобы:

1. Абеданова Г.С топ кураторы
2. Шегебаева А. Сынып жетекші
3. Анетбекова Г. тарих пәні мұғалімі
4. Мәдіхан О. математика пәні мұғалімі
5. Батырбек Г. Жаратылыстану пәні мұғалімі

6 «В» сыныбына арналған сабаққа ену жоспары

№	Пән атауы	Пән мұғалімінің аты - жөні	Сабақ тақырыбы	Өткізілетін күні
1	Математика	Мәдіханова О.	Шамалар арасындағы тәуелділіктердің кестемен берілуі	12.04.2024
2	Тарих	Есімхан биік Аметбекова Г.Е.	Есімхан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы	18.04.2024
3	Жаратылыстану	Батырбек Г.	Тірі ағзалардың сан алуандығы. Биосфера.	24.04.2024

Сабақты талдау сызбасы

Күні 12.04.20 Сынып Пәні 6"В" математика
 Мұғалімнің аты-жөні Мәдіханова Динара
 Сабаққа қатынасу мақсаты Били сапасын арттыру мақсатында
"Lesson Study" әдісімен сабақты зерттеу
 Сабақ тақырыбы: Мамандар арасындағы тәуелсіздіктердің
 Сабақтың мақсаты: Жинатталым бойынша тәуелсіздіктің формасын
я Формасымен берілген тәуел-із кестесін құру
 Сабақтың жабдыкталуы: тақта, оқулық, карточкалар
 Сабақтың типі "Lesson Study" - әдісін пайдаланатын сабақты зерттеу

Оқушыларды сұраудың схемалық кестесі


- А) тізім бойынша 4
 Ә) сабаққа қатынасқаны 10
 Б) сабақта сұралғандары 10
 Қойылған баға:
 А) барлығы:
 Б) әділ
 В) әділсіз

1-қатар	2-қатар	3-қатар

Уақыт	Сабақтың кезеңдері	Оқытудың түрлері мен әдістері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы жұмысы	ескертулер
	Ұйымдастыру кезеңі	Психологиялық ахуал			
	Үй тапсырма	Күнделік.кз			
	Актуализация				
	Сабақтың тақырыбы: +/-				
	Сабақтың мақсаты: +/-				
	Тапсырмалар.				
		Оқытудың түрлері мен әдістері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы жұмысы	
		Психологиялық ахуал			
	Рефлексия	Күнделік.кз			
	Қорытынды				

Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі: <i>Сотты орындайды</i>	Сабақтың басы: психологиялық ахуал <i>мұқам психологиялық ахуал</i> <i>түсіндіріледі</i>	Барлық бала: үй тапсырмасы орындалуы: +/- <i>Мәтіндік</i> <i>орындайды</i>
Тазалық: <i>қаб. таза</i>	Кабинет дайындығы: <i>орта деңгейде</i>	<i>орта</i> ,
ҚМЖ (№ 472 6): <i>ҚМЖ</i>		Көпшілігі: ынтасы: +/-
Үй тапсырмасы: <i>бар өз деңгейінде</i>		<i>мағи, орта, ораиос</i>
АКТуализация:	Сабақтың ортасы: әдіс-тәсілдері: <i>дәстүрлі сабақ бағдан</i>	Кейбір бала: үздік оқушылар
	Тапсырма көлемі: <i>АВС деңгейдегі</i> <i>материалдар берілді</i>	<i>2 - 4здік, білім сәй</i> <i>- екпінді</i>
Рефлексия <i>бар, ауа</i>	Кері байланысы: +/- <i>бар</i>	
<i>бағдан, бағдан орта</i>	Комментарии:	
Қорытынды шығару	Бағалау: <i>ФБ</i> <i>✓ бағаланды кері</i>	
<i>Сабақ өз деңгейінде байланыс берілді</i>		
<i>мағи орта, бағдан</i>		
<i>Сабақ тек бағаланды</i>		
<i>мәліметтер ағдан</i>		

Сабақтың талдану сызбасы



72-58 балл-өте жақсы 41-25 балл-орта

57-42-балл-жақсы

24 балға дейінгі өте төмен

Балл жиынтығы: **45**

Қорытындылар және ұсыныстар:

Сабақтың барысы әрбір АВС деңгейдегі оқушыларға арнайы деңгейдегі тапсырмалары нақты тапсырмалар берілді. Оқушылар деңгейіне сәйес тапсырма орындайды

Сабаққа қатынасушының қолы:

Қорытынды және ұсыныспен танысқан мұғалім:

Сабақты талдау сызбасы

Күні 6.6 Сынып/Пәні Тарих
 Мұғалімнің аты-жөні Метбекова Түлкенат
 Сабаққа қатынасу мақсаты Білім сапасын арттыру мақсатымен
"Lesson Study" - жүйесімен білім сапасын зерттеу
 Сабақ тақырыбы: Есім хан билеген кезіндегі Ұлағай хан-ш. б.р.
 Сабақтың мақсаты: Білім сапасын арттыру мақсатымен
"Lesson Study" - жүйесімен сабақты зерттеу
 Сабақтың жабдығталуы: тақта, оқулық, картточкалар
 Сабақтың типі:

Оқушыларды сұраудың схемалық кестесі


- А) тізім бойынша _____
 Ә) сабаққа қатынасқаны _____
 Б) сабақта сұралғандары _____
 Қойылған баға:
 А) барлығы: _____
 Б) әділ _____
 В) әділсіз _____

1-қатар	2-қатар	3-қатар

Уақыт	Сабақтың кезеңдері	Оқытудың түрлері мен әдістері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы жұмысы	ескертулер
	Ұйымдастыру кезеңі	Психологиялық ахуал			
	Үй тапсырма	Күнделік.кз			
	АКТУАЛИЗАЦИЯ				
	Сабақтың тақырыбы: +/-				
	Сабақтың мақсаты: +/-				
	Тапсырмалар.				
		Оқытудың түрлері мен әдістері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы жұмысы	ескертулер
		Психологиялық ахуал			
	Рефлексия	Күнделік.кз			
	Қорытынды				

Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі:	Сабақтың басы: психологиялық ахуал <i>Ориентация</i>	Барлық бала: үй тапсырмасы орындалуы: +/- +
Тазалық: <i>мада кид</i>	Кабинет дайындығы: <i>орта</i>	
ҚМЖ (№ 472 б): <i>күреске нұқтесен</i>		Көпшілігі: ынтасы: +/- - +
Үй тапсырмасы: <i>бар</i>		<i>мада</i>
Актуализация:	Сабақтың ортасы: әдіс-тәсілдері: <i>АБ</i> <i>деңгейге сайлауға 1 туғры мада</i> <i>қолдану</i>	Кейбір бала: үздік оқушылар + +
	Тапсырма көлемі:	<i>Оте мада</i>
Рефлексия <i>бар</i>	Кері байланысы: +/- <i>Кері байланыс бар</i>	
	Комментарии:	
Қорытынды шығару <i>Сабақ өз деңгейде мада өткізі</i>	Бағалау: ФБ <i>Әр оқушының форма- тивті бағалау оторда.</i>	

Сабақтың талдану сызбасы



72-58 балл-өте жақсы 41-25 балл-орта

57-42-балл-жақсы

24 балға дейінгі өте төмен

Балл жиынтығы: 51

Қорытындылар және ұсыныстар: *Сабақтың құрылымын бағалап берілген. Ұйымдастыру сабақта психологиялық ахуалға жеткізіледі өте тиімді. Оқушыларға сабақ түсінікті әрі қызық болды деп есептеймін. Сабақты өмірмен байланыстыра отырып, проблемалық сұрақтар қойылатын мада.*

Сабаққа қатынасушының қолы:

Қорытынды және ұсыныспен танысқан мұғалім:

6 «Е» сыныбына арналған ABC деңгейлі оқушыларының іріктелу кестесі

№	Деңгейі	Оқушының аты-жөні	Бірінші Тапсырма	Екінші тапсырма	Үшінші тапсырма	Төртінші тапсырма	Бесінші тапсырма	Қорытынды
1	A	Елибай Бакдәулет	Әне бесесен + сабақтамама сүйсіздігі	Жаңа сөздерді таңдау, барлық тапсырма дұрыс жасау	Без тәртіпті жасау	Мәжіліс аумағы түрлік сөзді	Сұрақ жауап +	Бесесен Әне жауап
2	B	Немат Таңшолпан	Бесесен төртінші сүйсіздігі	+	+	+	Сұрақ жауап +	Бесесен жауап
3	B	Ділдібек Мирас	—	+	+	+	Сұрақ жауап +	Бесесен жауап
4	C	Ергешбай Сәкен	+	+	+	—	Сұрақ жауап +	+ жауап
5	C	Мейманалиева Ғажайып	—	+	+	+	—	Жауап бар

Мұғалім: Нұрбекқызы Ұлболсын

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ АНЫҚТАМАСЫ (Lesson Study әдісі бойынша) 7 В сыныбы

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі – бұл Lesson Study. Lesson Study – мұғалімдер тәжірибесі сапасын арттыру, оқытуды жоспарлау, оқыту, қадағалау, талдау мен тәжірибе арқылы оқушы талдау. Lesson Study тәріздес әдістерді типологиялық тұрғыдан зерттеп, мұғалімдермен бірге талқылып, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, тәжірибеде қолдану түрімен жүргізіледі. Lesson Study барысында зерттеу жұмыстары жоспарланады, бастапқыда тәжірибелік сабақтар өткізіледі, содан кейін талдау жұмыстары жүргізіледі.

Ағылшын тілі пән мұғалімі Момбек Раушан, тарих пәні мұғалімі Садуақас Ф, ағылшын тілі пән мұғалімі Қантай Шолпан., алгебра пән мұғалімі Рысқұлова Б. мұғалімдерден топ құралып, «Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбы бойынша 7«В» сыныбында Lesson Study жүргізу жоспары құрылды. Сыныпта – 24 оқушы. 12 қыз бала, 12 ұл бала. Сыныпта = 2 үздік, оқу екпіндісі = 11 сыныптың білім көрсеткіші – 52, %. Сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігімен деңгейі орташа. Сондықтан осы сынып оқушыларының таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру таңдалды.

Зерттеу сабағының тақырыбы: Ш.Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы

Сынып: 7

Пән: Қазақстан тарихы

Зерттеу мақсаты: Оқушылардың тарихи тұлға туралы білімін кеңейту, зерттеу, талдау және тұжырым жасау дағдыларын дамыту.

Қорытындылар:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігі артты.

Тарихи тұлғаның өмір жолы мен еңбектері қызығушылық тудырып, сұрақ қою, пікір айту белсенділігі байқалды.

2. Сыни ойлау мен зерттеушілік қабілет дамыды.

Мәтінмен жұмыс, деректермен салыстыру тапсырмалары арқылы оқушылардың өз ойын дәлелдеу, талдау машығы дамыды.

3. Диалог пен топтық жұмыстың тиімділігі байқалды.

Сабақ барысында топпен жұмыс арқылы оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, жауапкершілікпен қарады.

4. Сабақ мақсаттарына қол жеткізілді.

Сабақ соңында оқушылар Ш.Уәлихановтың қазақ ғылымындағы орны мен еңбектерін нақты атап, өз бағаларын берді.

Ұсыныс:

Келесі зерттеу сабақтарында тарихи тұлғалармен қатар, олардың еңбектерімен тереңірек танысу үшін шығармашылық тапсырмалар мен жобалық жұмыс түрлерін енгізу ұсынылады.

2) Ағылшын тілі Lesson Study зерттеу сабағы бойынша «Present Perfect: Question Form» тақырыбына

Зерттеу сабағының қорытындысы

«Present Perfect: Question Form» тақырыбы бойынша өткізілген зерттеу сабағында оқушылардың грамматикалық білімдерін қолдану және сұрақ түріндегі сөйлем құрастыру дағдылары бақылауға алынды. Сабақ барысында оқушылардың көпшілігі Present Perfect шағының құрылымын түсініп, «Have/Has + subject + V3?» формасында сұрақтар құрастыра алды.

Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алмасу, және тілдік бірліктерді нақты сөйлеуде қолдану қабілеттері дамыды. Сабақтың визуалды, ауызша және жазбаша бөліктері оқушылардың түрлі оқу стилін ескеріп, тиімді нәтиже берді.

Бақылау нәтижесінде кейбір оқушыларда сұрақ құрауда қиындықтар болғаны анықталды. Бұл оқушыларға келесі сабақтарда арнайы қолдау көрсету, грамматикалық жаттығуларды көбірек қолдану ұсынылады.

Қорытынды:

Сабақ барысында оқушылар Present Perfect шағындағы сұраулы сөйлемдердің құрылымын меңгеруге тырысты. Тапсырмаларды орындау кезінде көпшілік оқушылар "Have/Has + V3" құрылымын дұрыс қолданды. Алайда кейбір оқушыларда етістіктің үшінші формасын тану мен сұраулы сөйлем құрауда қателіктер байқалды.

Ұсыныс:

- Етістіктің 3-формасын есте сақтауға арналған жаттығулар санын көбейту
- Сұрақ қою дағдысын дамыту үшін диалогтік жаттығуларды енгізу

3) «Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану» тақырыбына арналған Lesson Study зерттеу сабағының қорытындысы:

Зерттеу сабағының қорытындысы

«Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану» тақырыбы бойынша өткен зерттеу сабағында оқушылардың рационал бөлшектерге төрт арифметикалық амал (қосу, азайту, көбейту, бөлу) қолдану дағдылары бақылауға алынды.

Сабақ барысында оқушылар ережелерді қолданып, бөлшектердің ортақ бөлімін табу, қысқарту және көбейту-бөлу алгоритмдерін орындау арқылы есептер шығарды.

Оқушылар жұптық және топтық жұмыс кезінде белсенділік танытып, өзара пікірлесіп, дұрыс шешім табуға ұмтылды. Көпшілігі тапсырмаларды сәтті орындады, алайда кейбір оқушыларда ортақ бөлім табу мен қысқартуда қателіктер болды.

Осы негізде келесі сабақтарда қосымша деңгейлік тапсырмалар мен визуалды қолдау құралдарын (сызбалар, үлгілер) пайдалану ұсынылады.

Қорытынды:

Сабақта оқушылар рационал бөлшектерге амалдар қолдану ережелерін орындап, өзара көмек көрсету арқылы есептер шығарды. Оқушылардың көпшілігі амалдардың реттілігін дұрыс сақтай алды. Кейбір оқушылар ортақ бөлім табуда немесе бөлшектерді қысқартуда қиналды.

Ұсыныс:

- Қосымша визуалды құралдар (сызбалар, кестелер) арқылы түсіндіру
- Сабақта нақты алгоритмдерді бірнеше рет қайталау

Сынып бойынша жалпы қорытынды:

Зерттеу сабағына қатысқан 7 В-сынып оқушылары берілген тапсырмаларды белсенді орындап, топтық жұмыс пен жұптық әрекетке қызығушылықпен қатысты. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, өз ойларын еркін жеткізу, бірін-бірі тыңдау дағдылары байқалды.

Сабақ барысында сараланған тапсырмалар арқылы әр оқушы өз деңгейіне сай жұмыс істей алды. Жауапкершілік пен ынтымақтастық жоғары деңгейде көрінді.

Бақылауға алынған оқушылардың даму барысы:

Оқушы Пердәлі Сымбат – бастапқыда пассивті болғанымен, топтық жұмыс арқылы белсенділігі артты, Present Perfect сұраулы сөйлемдерін дұрыс құрай бастады.

Оқушы Арысқызы Диана – логикалық ойлау қабілеті жоғары, алгебралық бөлшектермен жұмыс істеуде нақты қадамдарды сақтайды.

Оқушы Сазанов Азиз – қиналғанымен, қосымша қолдау мен визуалды материалдар арқылы тапсырмаларды түсіне бастады.

Оқушы Жәнібек Арсен – пәнге қызығушылығы артты, өзіндік жауаптарын сенімді түрде айтуда.

Жалпы ұсыныс:

- Жетістікке жету үшін сабақта саралау, қолдау көрсету және визуалды материалдарды қолдану жалғасын табуы керек.
- Сабақ соңында кері байланыс алу – оқушылардың рефлексия жасау дағдысын дамытады.

6 «В» сыныбына жүргізілген зерттеу жұмыстарының анықтамасы

Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыру талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімді пайдалануымен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study — ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Lesson Study циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап математика пәні мұғалімі Мәдіхан О., тарих пәні мұғалімі Анетбекова Г., жаратылыс пәні мұғалімі Батырбек Г. Сынып мұғалімдерден топ құрылды. Lesson Study тәсілін жүзеге асыру үшін топ мүшелерімен ақылдаса келе, «Денгейлеп, саралап оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбы бойынша 6 «Д» сыныбында Lesson Study жүргізу жоспарланды. Сыныпта- 23 оқушы. 11 ер бала, 12 қыз бала. Сыныпта оқу озаты -4, оқу екліндісі - 8. Жалпы сыныптың білім көрсеткіші — 50 % құрайды. Сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігі мен бәсекелесе, жарыса оқу деңгейі орташа. Сондықтан осы сынып оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру таңдалды. Оқушылар ABC деңгейлеріне бөлінді.

Бірінші сабақ математика өтті тақырыбы: «Шамалар арасындағы тәуелділіктердің кестесін құру»

Бірінші Lesson Study-ды талқылау барысында озат оқушылар күткен үмітіміз ақталды. Оқушылар сабақ материалын толық көлемде меңгеріп, өздерін көшбасшы ретінде таныта

білді. Орта деңгейдегі оқушыларға топтық жұмыстар берілді, бұл оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығының артуына алып келді. Сабақта «Кластер» және «Фишбоун» әдістерін қолданды, оқушылар ерекше белсенділік танытты. С деңгейдегі оқушылар сабақ барысында сабаққа қатысып отырды. Оның сабаққа ынтасының көтерілгені көрініп тұр. Берілген тапсырманы қызығушылықпен орындап отырды. Д деңгейлі оқушы Азамат жазуын түзету мақсатында жазбаша жұмыстар берілді. Ауызша формулаларды айту қосу алу сияқты есептер шығару тапсырылды. Мұғалім мен оқушылардың көмегімен жауап беруге тырысты. Бұл кезеңде бірінші Lesson Study кезінде анықталған кемшіліктер жойылды. Оқушылардың нәтижесін жақсарту үшін Lesson Study – де шығармашылық жұмысқа көбірек көңіл бөлу, оқушылардың өзіне айтқызу, кез-келген ситуациядан өздігінен шығу, сабақта проблемалық сұрақтарды өмірмен байланыстыра отырып қою, топтар арасында бәсекелестікті арттыратын тапсырмалар беру, тапсырмаларды сын тұрғысынан ойлау арқылы бағыттап беру деген мәселелер де өткізілетін сабақ жоспарына енгізілді.

Екінші сабақ тарих пән мұғалімі: Анетбекова Г., Тақырыбы: «Есімхан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы».

Екінші Lesson Study барысында дифференциалды әдісі, өзін-өзі бағалау әдістері қолданылды. Қазақстандағы кітапханалармен таныстыра отырып сұрақтар қою арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері артып, өздеріне артылған міндеттерді орындай білді. Оқушылар теориялық білімдерімен ұштастыра білді. Сабақ соңындағы талдау жүргізу арқылы екі оқушының сабаққа деген қызығушылығы төмен болғанын анықтадық. Сабақ беруші мұғалімнің басты міндеті оқушы бойында сабаққа деген қызығушылықты ояту, әрбір кезеңдердегі қозғалысты бақылау, болдыру. Сабақтағы А, В, С, Д оқушыларының іс-әрекетін бақылау үшін зерттеу тобындағы мұғалімдерге жеке-жеке тапсырмалар ұсынылды. Сабақ соңында жүргізілген рефлексия көрсеткендей: оқушыларға сабақ өткізу әдісі, ондағы Есімхан жайлы айтылған мәліметтер ұнады. Сонымен, Lesson study зерттеу жобасы бойынша алған нәтижелер келесідей болды:

- А оқушы: күрделі тапсырмаларды жеке талдайды және топ мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, ортақ шешім, қорытынды жасай алады;
- В оқушы: топтағы жүргізілген іс-әрекеттерді өз ойымен, толық жеткізе алады және өзіндік бағалаудың объективті болу керектігін түсінеді.
- С оқушы: процесті бақылайды, топ мүшелері атынан спикер ретінде ой білдіреді, кейбір сұрақтарға сыныптастары көмегімен орындайды, қиындықтарды көтере алады және өз мүмкіншіліктерін біледі.
- Д деңгейлі оқушы видео роликтен көрген мәтін бойынша сұраққа жауап беріп, тапсырманы орындай алатынын көрсетті. Осының нәтижесінде зерттеудегі А, В, С, Д оқушыларының өзін-өзі реттеу, қалыптастыру, өз бетінше білім алу және математикалық білімін дамыту қабілеттерінің өсуін байқадық.

Бұл кезеңде екінші Lesson Study-де жіберілген кемшіліктерге талдау жасалып, олар түзетілді. Әр оқушының ойын жеткізуіне мүмкіндік туғызу, оқушы ойының дамуына қолдау көрсету, алған білімдерін өмірде дұрыс пайдалана білу секілді мәселелер үшінші Lesson Study-де қамтылуы керектігі айтылды. Бұл пікірлер үшінші Lesson Study өткізілетін сабақ жоспарына енгізілді.

Үшінші сабақ: Жаратылыстану пән мұғалімі: Батырбек Г., Тақырыбы: «Тірі ағзалардың сан алуандығы. Биосфера». Үшінші Lesson Study барысында озат оқушылар ерекше көзге түсіп, өзін нағыз көшбасшысы ретінде топ мүшелеріне көмектесіп, оларды тапсырма орындауға итермелеп отырды. Соңында өз тобының мүшелерін бағалады.

Ал С деңгейдегі оқушылар берілген тапсырмаларға белсене қатысып отырды. Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Оқушылар топтан қалып кетпеуді ойлап, барынша сабаққа атсалысуға тырысты. А деңгейдегі оқушылар бұл сабақта да алдына жан салмады. Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап, қойылған сұраққа жауап беріп отырды. Ол өз сыныбының көшбасшысы екенін көрсетті. Үшінші Lesson Study сәтті өтті.

Зерттеу тобындағы мұғалімдердің жүргізген бақылауларына талдау жасай отырып, оқушылардың СТО қабілеті артқанын, сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, бір-бірімен диалог жүргізу арқылы өз ойларын негіздей алатындығын байқадық. Сабақтарда топтық жұмыс кезінде оқушылардың арасында жүргізілетін диалог олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Lesson Study зерттеу жобасында, мұғалімдер оқушыларды бақылау дағдысын дамытты; Бұл зерттеу материалдары сабақ беретін мұғалімдер үшін маңызды болды.

Тәжірибедегі «белсенді емес сыныптың» мәселесі бірден шешілмейді, бірақ оқушыны топтық жұмысқа тарта отырып, ашық сөйлесу, пікірін тыңдау арқылы ортаға бейімдеуді және «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін үнемі дағдыға айналдырсақ, үнемі оқушы пікірімен санаса отырып, оларға ұнайтындай әдістерді қолдана отырып сабағымызды жоспарласақ ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелей аламыз деген ойға келдік.

Бұрынғы тәжірибеде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу деген бұрын болмаған еді, Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетуге болады.

Қай кезде де мұғалім мектептегі негізгі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби

күзиретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жанашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады. Lesson Study- оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес.

Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер жаңа форматтағы мұғалімдер қатарына жатқызуға болады, ал жаңа форматтағы мұғалім деген атқа ие ұстаз үнемі алдыңғы қатарда болуы керек, үздіксіз білім алуды, тәжірибе алмасуды мақсатқа айналдыруы тиіс.